

Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық
қазақ-түрік университеті



HOCA AHMET YESEVI
ULUSLARARASI
TURK-KAZAK UNIVERSITESI



ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ
ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

Оқытушы: Молдашева А.
Орындаған; Артықбай Н
Тобы: ЖМ-424





*Тақырыбы: Туберкулезге
қолданылатын дәрілер*

ЖОСПАР:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім:

- ▣ **Туберкулез туралы түсінік.*
- ▣ **Туберкулездің белгілері.*
- ▣ **Туберкулездің алдын алу шаралары*
- ▣ ** Туберкулезге қарсы қолданылатын дәрілер*

III. Қорытынды

IV. Қолданылған әдебиеттер





Туберкулез (лат. tuberculum – төмпешік), ескіше: құрт ауру, көксау – адам мен жануарларда болатын созылмалы жұқпалы ауру.

Туберкулездің қоздырғышы – микробактерияны (“Кох таяқшасын”) неміс микробиологы Р.Кох (1843 – 1910) ашты (1882). Туберкулез микобактериялары жіңішке, түзу не сәл иіліп келген таяқшалар, ұзындығы 1 – 10, ені 0,2 – 0,6 мкм.



Туберкулез

Ауру тарихи. Туберкулез әлемдегі ең кең тараған жұқпалы ауру болып табылады. Жыл сайын 20 млн адам ауырып, 4 млн адам өледі.

Туберкулез ауруының кеш анықталуы оның клиникалық ерекшеліктеріне байланысты.


Ауру қоздырғыш таяқшалар орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, эйфория шақырады, сондықтан науқас өзінің ауырғанын сезінбейді.

Туберкулездің асқынбаған түрлері жоспарлы тексерулерде : ересектерде- флюорографиямен, балаларда – рентгентексерілуі арқылы анықталады.



Туберкулез тарихы

Туберкулез ауруы көне заманнан белгілі. Ауру белгілері бұдан 7 мың жылдай бұрын неолит кезеңіндегі адам сүйегін зерттегенде табылған, біздің заманымыздан бұрын 3 – 2-мыңжылдықта египет мумияларынан анықталған. Туберкулездің клиникасы туралы алғашқы деректер 2 ғасырда өмір сүрген каппадокиялық дәрігер Аретейдің (Aretaios) еңбектерінде кездеседі. Одан кейін Гиппократ, Гален, т.б. ғалымдардың еңбектерінде де Туберкулез ауруы еске алынады. Бірақ олар Туберкулезді жұқпалы ауру қатарына жатқызбаған. Ал Әбу Әли ибн Сина өзінің “Дәрігерлік ғылымның каноны” деген еңбегінде Туберкулезді тұқым қуалайтын аурулар қатарына жатқызған. Туберкулездің жұқпалы ауру екенін бірінші рет италиялық ғалым Дж.Фракасторо (1478 – 1553) дәлелдеді.





Туберкулез




Туберкулез микобактериясының бірнеше түрі белгілі: адамға тән түрі (*Mycobacterium tuberculosis*), аралық түр (*Mycobacterium africanum*), *Mycobacterium* тұқымы, *Mycobacteriaceae* семьясы, *Actinomycetalis* қатарына жатады.

Туберкулез қоздырғыштары адамда 92% жағдайында адамдық түрімен жұғады, 3-5% жағдайларында ғана өгіз немесе аралық түрлер жұғуы мүмкін.

Жанартылған микробиология классификациясында құс микобактериясы адам мен жануар микобактериясы қоздырғышы болып табылады.

Туберкулез микобактериясы – жіңішке, түзу немесе аздап иілген таяқшалар ұзындығы 1-10 мкм, ені 0,2-0,6 мкм, гомогенді немесе дәнді дөңгеленген. Олар қозғалғыш, эндоспор, конидий, капсула түзбейді. Бактерия жасушаларының құрылысы мен мөлшері жасушаның жасына қарай, таралу ортасына қарай, өзгереді.



Туберкулез микобактериясы қоршаған орта факторлары әсеріне де төзімді. Қалыпты жағдайда күн сәулесі түспеген кезде де бірнеше ай сақталып, таралған жарық әсерінен 1 айдан кейін ғана өледі. Көше шаңында -10 күнге дейін, кітап беттерінде 3 айға дейін, суда 5 айға дейін туберкулез микобактериялары сақталады. Қайнатқаннан кейін сулы қақырық микобактериялары 5 минуттан кейін, құрғақ қақырық -25 мин. Белсенді хлор қосылған ерітінділерден (3-5% хлорамин ерітіндісі, 10-20% хлор әгі ерітіндісі) 3-5 сағ. аралығында өледі.



Патогенезі

Туберкулез микобактериясы ағзаға әр түрлі жолдармен енеді: аэрогенді, энтеральді (асқазан арқылы), зақымдалған тері немесе сілемейлі қабықша арқылы және ұрыққа ұрық жолдасы арқылы. Негізгі таралу түрі *аэрогенді* болып табылады.

Туберкулез микобактериясы басқа да микроорганизмдер сияқты макрофагқа енген кезде ұзақ уақыт сақталады. Адам ағзасында туберкулез микобактериясы көбейген кезде азайтылған иммундық жауап нәтижесінде улы заттардың көптеген мөлшері шыға бастайды.



Туберкулез микобактериясының ену орнына қарай туберкулездің қабыну ошағы өкпеде, ауыз қуысында, тамақта, ішекте орналасуы мүмкін. Алғашқы аффектке жауап ретінде лимфа түйіндерінде, алғашқы туберкулез жинағы пайда болады. Алғашқы жұқтырудан ішкі кеуде лимфа түйіндерінің туберкулезі, плеврит, туберкулема пайда болады.

Алғашқы туберкулез «жаңа жұқтыру» нәтижесінде 7-10% жұқтырылғандарда ешқандай клиникалық белгісіз болады. Жұқтырылған инфекция тек *туберкулин реакциясы* өзгергенде ғана пайда болады.

Алғашқы туберкулездің уақыты аз уақытта жазылумен, немесе аздап қалған белгілермен аяқталады. Бұндай адамдарда жүре пайда болған иммунитет пайда болады. Қалдық ошақтарында микобактериялардың қалуы қалған белгілермен жүре пайда болған иммунитетті бекітіп, бір уақытта түрі өзгерген бактерияның қайтадан қалпына келу қаупін де туғызады.



Туберкулез белгілері

Туберкулез интоксикациялары кезінде науқас (5-10кг одан да жоғары) салмағын жоғалтады, әлсіздікті, делсалдықты сезінеді. Тамаққа тәбеті жойылып, еңбекке қабілеті төмендеп, тершендік пайда болады. Дене қызуының жоғарылауына науқас мән бермеуі мүмкін, алайда дене қызуы 37-37,5 С көрсетеді. Кеуде тұсында шаншулар пайда болып, аурудың бастапқы кезеңінде жөтел бола бермейді, бірақ ары қарай туберкулез процесінде пайда бола бастайды.

Ары қарай туберкулез процесінде жөтел, қан түкіру, кеуде шаншуы болады.



Тыныс алу мүшелері туберкулезінде –жөтел, демігу, бүйір ауыруы болады. Бұл белгілер тыныс жолдарын туберкулезбен

байланыссыз басқа ауруларында да кездеседі. Жөтел аңқа, кеңірдек, бронх және басқа да респираторлық ауруларда , жұқпалы балалар аурулары(қызылша, көкжөтел) , онкологиялық зақымдалуларда нервтік- рефлекторлық аппаратың тітіркенуінен пайда болуы мүмкін. Бірақ туберкулезде жөтел иіссіз, ақ-сұр түсті қақырықпен ылғалды және құрғақ болуы мүмкін



Туберкулездің алдын алу.

Алдын алуды нысанның ауқымына және көлеміне байланысты үлкен үш топқа бөлуге болады:

1. Жұқпалы аурулар контингенті мен аса жұқпалы аурулардан тұрғындарды қорғау іс-шаралары(вакциналау және ревакциналау)
2. Тұрғындардың арасында ауыр түрдегі туберкулез ауруына жүргізілетін іс-шаралар(диспансерлік бақылау және тіркеу, сауықтыру, химиялық жолмен алдын алу).
3. Инфекция ошақтарындағы жасалатын іс-шаралар(ошақты сауықтыру, дезинфекция, науқасты оқшаулау, жанасқандарды бақылау, химиялық жолмен алдын алу).



Алдын алу шараларын жүргізу үшін оның ішінде санитарлық және маманданған шаралар, нақты құрылған ұйымдастыру түрлері қажет, олай болмаған жағдайда алдын алу шаралары сапасыз болуы мүмкін. Барлық алдын алу шаралары инфекция резервуарының көлеміне және оның берілу жолдарына байланысты жүргізілуі керек. Инфекцияның негізгі резервуары туберкулез науқасы болып табылады, сол сияқты ірі қара мал туберкулезі, басқа жануарлардың эпидемиялық қауыптілігі аздау.





Спецификалық:

- вакцина
және БЦЖ
ревакцинациясы

Спецификалық
емес:

- салауатты
өмір салты;

- тиімді
тамақтану;

- дене
шынықтыру
белсенділігі;

- зиянды
әдеттерден бас
тарту.





Рис. 3.39




ЕМІ

Туберкулезге қарсы арнайы егу (БЦЖ) жүргізіледі, ол сәби дүниеге келгеннен 3 – 5 күннен кейін іске асырылады. Ауруды емдеудің терапиялық, хирургиялық, т.б. әдістері табылып, күнделікті дәрігерлік жұмыста қолданылатын болды. Санаторийлерде емделу өте пайдалы. Қазақстанда Туберкулезге қарсы жұмысты Туберкулез мәселері ұлттық орталығы үйлестіріп отырады. Әрбір облыс орт-нда арнаулы диспансер, жергілікті жерлерде олардың бөлімшелері жұмыс істейді. Республика Туберкулезге қарсы қажетті дәрі-дәрмекпен, емдеу орындары төсек-орынмен жеткілікті қамтамасыз етілген.




Жұқпалы аурудың тарайтын негізгі көзі – науқас адамнан түскен микробтары бар қақырық. Сау адамға ол негізінен Туберкулезбен ауырған адам түкірген қақырықтың ұсақ сұйық тамшылары арқылы не кепкен түйіршіктерін ауамен бірге жұтқанда; сирек жағдайда – Туберкулезбен ауырған үй жануарларының сүтін шикілей ішкенде, етін шала пісіріп жегенде жұғады. Организмге Туберкулез таяқшасының енуі ауруға себепші болғанымен, оның толық дамуы үшін жеткіліксіз. Адамдар Туберкулезбен бұрын науқастанып, организмнің иммунитеті төмендегенде, дұрыс қоректенбегенде (әсіресе мал өнімдерінің белоктары, витаминдер тапшы болғанда), санитарлық-гигиеналық жағдайлар дұрыс сақталмағанда, сондай-ақ аурумен ұзақ уақыт бойы араласқанда ауырады. Туберкулез көбінесе 3 жасқа дейінгі балаларда пайда болады, өйткені оларда ауруға қарсы иммунитет әлі де нашар дамыған, сондай-ақ жасөспірімдерде жыныстық жетілу кезеңінде пайда болады. Туберкулез негізінен тұқым қуаламайды. Туберкулезбен ауыратын адамдардың, әдетте, балалары ауру болып тумайды. Бірақ Туберкулезбен ауыратын ата-ана дер кезінде емделмесе, аурудан сақтану ережелерін дұрыс сақтамаса, дертті баласына жұқтырып, баланың Туберкулезбен ауруы мүмкін.



ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЖҰҚТЫРУ ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Туберкулез қоздырғыштары ауру адам сөйлегенде, жөтелгенде, оқығанда, түшкіргенде бактерия шығару арқылы ауаға тарайды. Ауаның жұтқан адамдарға бактерия жоғарғы тыныс алу жолдарына, өкпелеріне түседі. Осылайша туберкулезді жұқтыру жүреді.



Туберкулез түрлері

Туберкулездің ашық және жабық түрлері болады. Ашық түрінде қақырықта Туберкулез таяқшалары болады, сондықтан Туберкулездің мұндай түрімен ауыратын адамдар өте қауіпті деп есептелінеді. Ал жабық түрінде қақырықта Туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, Туберкулездің мұндай түрімен ауыратын науқастар да ауру жұқтырады. Туберкулез таяқшалары әр түрлі органдарды, көбінесе өкпені зақымдайды. Аурудың біліну сипаты Туберкулездің түріне, науқастың жасына, организмнің жалпы жағдайына байланысты. Аурудың ортақ белгілері: дене қызуының көтерілуі, түнге қарай көп терлеушілік, ұйқының қашуы және тәбеттің нашарлауы. Науқас жүдеп, ашуланшақ келеді, жұмысқа қабілеті төмендейді. Туберкулез таяқшалары түскен жердің тінінде кішкентай төмпешіктер пайда болады. Адам организмі сауыға бастаса мұндай төмпешіктер жойылып кетеді. Кейде бұл төмпешіктердің сырты қатты затпен қоршалып, беріштенеді. Мұны некроз ошағы деп атайды. Адам организмі әлсіреп, некроз ошағына қолайлы жағдай туса, сол жерде каберна (қуыс) пайда болады. Осы қуыста Туберкулез таяқшалары дамып, кеңірдек арқылы өкпенің басқа бөліктерін зақымдайды. Мұндай науқастардың қақырығында микобактериялар мол болып, қақырыққа қан араласуы, тіпті қан кетуі де мүмкін.



ТУБЕРКУЛЕЗ НЕЛІКТЕН КАУШПІ АУРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ?

Жыл сайын 8,8 миллион адам туберкулезбен аурады;
Ем қабылдамаған әрбір науқас жылына 10 адамнан 15 адамға дейін жұқтыруы мүмкін;
Туберкулезге шалдыққандардың 75% 20-40 жас аралығындағы адамдарды кұрайды;
Оның салдарынан жыл сайын 2 миллионға жуық адам қайтыс болады;
Ауруды жұқтырғандардың 5 -10%-ында ғана ауру дамуы мүмкін.



АУРУДЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН

Іске қосатын фактор – ***ФАКТОРЛАР:***

иммунитеттің әлсіреуі.

Толыққанды, үйлесімді
тамақтанбау.

- ауыр аурулардың қатар жүруі
(АҚТҚ, қант диабеті, ойық жара
аурулары және басқалары);

- суық тигізу;

- зиянды әдеттер;

- созылмалы күйзелісті
жағдайлар.





Рис. 3.44



Рис. 3.45

Рис. 3.39



Рис. 3.40



Рис. 3.41




Рис. 3.46





Рис. 7.14

0 cm 1

Рис. 7.15



Medical-Enc.ru

Туберкулез рта и лица (фистулы)
 Мужчина 30 лет. Инфекционная этиология. 20 лет назад



Бақылау сұрақтары

- 1. Туберкулездің негізгі таралу түрі*
- 2. Туберкулездің асқынбаған түрлері жоспарлы тексерулерде*
- 3. Туберкулез микобактериясы – жіңішке, түзу немесе аздап иілген таяқшалар ұзындығы _____, ені _____*
- 4. Спецификалық: _____*
- 5. Спецификалық емес: _____*
- 6. Алдын алуды нысанның ауқымына және көлеміне байланысты үлкен үш топқа бөлуге болады:**



ЖАУАПТАРЫ

- 1. аэрогенді
- 2. ересектерде- флюорографиямен, балаларда – рентгентексерілуі арқылы анықталады
- 3. ұзындығы 1-10 мкм, ені 0,2-0,6 мкм,
- 4. вакцина және БЦЖ ревакцинациясы
- 5. салауатты өмір салты;
- - тиімді тамақтану
- - дене шынықтыру белсенділігі
- - зиянды әдеттерден бас тарту.
- 6. 1. Жұқпалы аурулар контингенті мен аса жұқпалы аурулардан тұрғындарды қорғау іс-шаралары(вакциналау және ревакциналау)
- 2. Тұрғындардың арасында ауыр түрдегі туберкулез ауруына жүргізілетін іс-шаралар(диспансерлік бақылау және тіркеу, сауықтыру, химиялық жолмен алдын алу).
- 3. Инфекция ошақтарындағы жасалатын іс-шаралар(ошақты сауықтыру, дезинфекция, науқасты оқшаулау, жанасқандарды бақылау, химиялық жолмен алдын алу).



МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИН СӨЗДЕР

- Туберкулез (лат. *tuberculum* – төмпешік), ескіше: құрт ауру, көксау – адам мен жануарларда болатын созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғышы – микробактерияны (“Кох таяқшасын”) неміс микробиологы Р.Кох (1843 – 1910) ашты (1882). Туберкулез микобактериялары жіңішке, түзу не сәл иіліп келген таяқшалар, ұзындығы 1 – 10, ені 0,2 – 0,6 мкм.
- Микробиология (лат. *microbiologia*; грек. *mikros* — ұсақ және *logos* — ғылым) Ұсақ ағзалар туралы ғылым, негізінен жасушалар, олардың құрылысы қарастырылады
- Эйфория (грек. *eurogia*) – объективті жағдайға сай келмейтін көтеріңкі, қуанышты көңіл-күй немесе бейқамдық; мамыражай және мимикалық жалпы қозғалыс
- Флюорография (лат. *fluor* — ағыс және грек. *grapho* — кескінін көрсету, бейнелеу) Көзге көрінбейтін сәулелердің көмегімен шышкі құрылыстағы мүшелерді бейнелеу
- Лимфа (лат. *lympha*) — жартылай мөлдір сарғыш түсті сұйықтық



МОҒИШ ШИДЕРГЕ ТІКТЕГІ ТАУЫП, МАРФОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАҢЫЗ

- Туберкулез микобактериясы ағзаға әр түрлі жолдармен енеді: аэрогенді, энтеральді (асқазан арқылы), зақымдалған тері немесе сілемейлі қабықша арқылы және ұрыққа ұрық жолдасы арқылы. Негізгі таралу түрі *аэрогенді* болып табылады.

Туберкулез микобактериясы басқа да микроорганизмдер сияқты макрофагқа енген кезде ұзақ уақыт сақталады.

Адам ағзасында туберкулез микобактериясы көбейген кезде азайтылған иммундық жауап нәтижесінде улы заттардың көптеген мөлшері шыға бастайды.



- Енеді
- Зақымдалған
- Таралу
- болып табылады.
- көбейген кезде
- азайтылған
- шыға бастайды
- енген
- сақталады.



Үстеу мағынасына қарай жеті түрге бөлінеді:

1. Мезгіл үстеуі қашан? қашаннан? деген сұраққа жауап беріп, қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін, уақытын білдіреді. Мезгіл үстеуі етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы: таңертеңнен (қашаннан?) кетті, жазғытұрым(қашан?) келеді, ала жаздай (қашан?) еңбектенді, күні-түні (қашан?) оқыды, т. б.
2. Мекен үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің орындалатын орнын, мекенін көрсетіп, қайда? қайдан? қалай қарай? сұрақтарына жауап береді. Мысалы: Тауға қарай (қалай қарай?) өрмелеу, алға (қайда?) жылжыды, ілгері-кейін (қайда?) қозғалды, жоғарыдан (қайдан?) түсті, т. б.
3. Сын-қимыл (бейне) үстеуі іс-әрекеттің, қимылдың амалын, тәсілін, сын-бейнесін білдіреді. Сұрақтары: қайтіп? қалайша? қалай? кімше? Мысалы: Ақырын (қалай?) жүгірді, қазша (қалайша?) қаңқылдады, бекерден-бекер (қалай?) отырма, балаша (кімше?) мәз-мейрам болды, бүркіттейін(қалайша?) шүйілді, қолма-қол (қалай?) хабарласты, т. б.
4. Мөлшер үстеуі қанша? қаншама? қаншалық? қаншалап? деген сұрақтарға жауап береді. Мөлшер үстеуі сынның немесе қимылдың көлемдік дәрежесін, мөлшерін, шама-шарқын білдіреді. Мөлшер үстеуі етістікпен тіркесіп келгенде қимылдың шама-шарқын, мөлшерін білдіреді. Мысалы: сонша (қанша?) шаршапты, біршама (қаншама?) кешігіп қалды, недәуір (қалай?) өскен екен. Ал сонша (қанша?) биік, біршама (қанша?) алыс, недәуір (қалай?) ұзақдегенде мөлшер үстеулер сын есімдермен тіркесіп, сынның мөлшерін, көлемін білдіреді.
5. Күшейткіш үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің, сынның сапасын, белгісін не солғындатып, не күшейтіп көрсетеді. Сұрағы: қалай? Мысалы: әбден жүдепті, керемет биледі, мүлдем қозғалта алмады. Сонымен бірге күшейткіш үстеугесын есімнің күшейтпелі шырайын жасайтын ең (биік), өте (салмақты), аса(терең), тым (терең), кілең (жүйрік) сөздері де жатады.
6. Мақсат үстеуі не мақсатпен? қалай? деген сұраққа жауап беріп, іс-әрекеттің, қимылдың орындалу мақсатын білдіреді. Мысалы: әдейі айтты, қасақана кетіп қалды, жорта білмегенсіді, әдейілеп шақырды.
7. Себеп-салдар үстеуі не себепті? қалай? неге? деген сұрақтарға жауап береді. Себеп-салдар үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу себепін білдіреді. Себеп-салдар үстеуіне: құр босқа, лажсыздан, босқа, амалсыздан, бекерге, шарасыздан сөздері жатады. Бұл сөздер етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы, босқа ренжіді, лажсыздан келісті, т. б.

Үстеу
 Қимылдың түрлі белгісін, мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын білдіретін сөз табы.

Құрамына қарай

Тұлғасына қарай

Дара үстеу

Құрделі үстеу

Бір ғана түбірден (негізгі немесе туынды) тұрады.

Кемінде екі түбірден тұрады.

кеше, былтыр, кейде, ерең т.б.

бүгін, қыс бойы, бірте-бірте т.б.

Негізгі үстеу

Туынды үстеу


Бөлшектеуге келмейтін төл үстеулер.

Түбірге жұрнақ жалғануы арқылы немесе кейбір септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалған үстеу.

ең, ертең, бұрын т.б.

бірге, зорға, балаша т.б.

Мағынасына қарай



1 Мекен	2 Мезгіл	3 Себеп-салдар	4 Қимыл-сын	5 Мөлшер	6 Күшейткіш	7 Мақсат
Қимылдың болу орны мен бағытын білдіреді.	Қимылдың мезгілін білдіреді.	Қимылдың болу себебін, салдарын білдіреді.	Қимылдың жүзеге асу амалын білдіреді.	Қимылдың мөлшерін, көлемін білдіреді.	Қимылдың белгісі мен сапасын тым күшейтіп не солғында-тып көрсетеді.	Қимылдың болу мақсатын білдіреді.
қайда? қалай қарай? қайдан?	қашан? қашаннан бері?	неге? не себепті? неліктен?	қалай? қайтіп? қалайша?	қанша? қаншама? қаншалық? қаншалалап?	қалай? қандай?	қалай? не мақсатпен?
ілгері, осында, бері т.б.	бүгін, таңертең, түнде, т.б.	амалсыздан, лажсыздан, босқа, бекерге т.б.	емін-еркін, ерең т.б.	сонша, неғұрлым, әжептәуір, осылай, қыруар, біршама, соншалық, анағұрлым, аз, көп т.б.	ең, тым, аса, өте, нағыз, кілең, орасан т.б.	өдейі, қасақана, жорта т.б.

Үстеу сұрақтарын анықтаңыз,мысал келтіріңіз

- 1.Мезгіл үстеуі
- 2.Мекен үстеуі
- 3.Сын-қимыл (бейне) үстеуі
- 4.Мөлшер үстеуі
- 5.Күшейткіш үстеуі
- 6.Мақсат үстеуі
- 7.Себеп-салдар үстеуі



1. Қашан? Қашаннан? Қашаннан бері? Бүгін, былтыр, биыл, таңертең, бүрсігүні, қыстан бері, ала жаздай, күні-түні, ендігәрі, күндіз, бағана, таң сәріге дейін, енді, қазір, әлгінде, ежелден, кеше.

2. Қайда? Қайдан? Қалай қарай?

Кейін, алдыға, артқа, әрі-бері, ілгері-кейін, әрмен қарай, тысқары, төменнен, жоғары-төмен, алдыдан.

3. Қалай? Қайтіп? Қалайша? Кімше?

Тез, жылдам, бетпе-бет, ақырын, бірден, әрең-әрең, жиі-жиі, бірте-бірте, бұрынғыдай, бұлбұлша, арыстандай, келе сала, емін-еркін, лезде, осылай.

4. Қанша? Қаншама? Қаншалық?

Қыруар, біршама, әжептәуір, неғұрлым, мұншама, соншалық, әжептәуір, мұнша, сонша, бірталай, көп.

5. Қалай? Қандай?

Тым, өте, ең, тіпті, әбден, мүлдем, нағыз, керемет, аса, өңкей, кілең, орасан, ылғи, сәл, нақ, ерен, дәл.

6. Қалай? Не мақсатпен?

Қасақана, әдейі, жорта, әдейілеп.

7. Не себепті? Неге



Тест сұрақтары төмендегідей:

1. Мезгіл үстеулі тіркесті көрсетіңіз:

А) жоғары өрледі Б) қысы - жазы үзілмейді

Ә) ышқына соқты В) ілгері кетті

2. Мекен үстеулі тіркесті көрсетіңіз:

А) былтыр көрген Б) ілгері жылжыды

Ә) тағы да келді В) ән салды

3) Күшейткіш үстеуді табыңыз:

А) тіпті, әбден Б) емін - еркін, әрең

Ә) амалсыздан, босқа В) онша, әжептәуір

4. Сын - қимыл үстеуді табыңыз:

А) қолма - қол жұмсады Б) бірталай отырды

Ә) қасақана кешікті В) ерен еңбек етті

5. Мөлшер үстеуді табыңыз:

А) әдейі, жорта Б) дәл, сақ, нақ

Ә) лажсыздан, амалсыздан В) анағұрлым, неғұрлым

6. Мақсат үстеуді табыңыз:

А) қазір келді Б) босқа кетті

Ә) жорта үндемеді В) сөйтіп, қаннен - қаперсіз

7. Себеп - салдар үстеуді табыңыз:

А) құр босқа бақырған Б) әлгінде келіп кетті

Ә) ендігәрі келмейді В) қыруар әңгіме айтылды

8. Күрделі үстеулер тобын белгілеңіз:

А) биыл, таңертең, жоғары - төмен Б) ертең, шалқасынан, ақырын

Ә) бүгін, жылдам, тез В) ауылда, әдеппен, алға қарай

9. Туынды үстеу жасайтын жұрнақтарды белгілеңіз:

А) - да, - де, - та, - те Б) - лап, - леп, - дап, - деп

Ә) шама, шеме В) - лық, - лік, - дық, - дік



1. ... қылды қақ жарған.
2. Атадан ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер
3. ... тас жарады,
тас жармаса, бас жарады.
4. ... көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.
5. ... өссе елдің көркі,
Гүл өссе жердің көркі
6. Қына тасқа бітеді,
... басқа бітеді.
7. Отан оттан да
8. Айдағаны ... ешкі, ысқырығы жер жарар.
9. Сабыр түбі – сары
10. Атадан ... ұл туса,
Төрдегі басын жерге сүйрер.



1. Қара
2. Жақсы
3. Тіл
4. Дос
5. Қыз
6. Білім
7. Ыстық
8. Бес
9. Алтын
10. Жаман



1. «Термин» қай тілдің сөзі
2. Қазақ тіліндегі тыйым салу сөздері қалай аталады?
3. Сөз мағынасын не зерттейді?
4. Жалғаудың түрлерін ата.
5. Неше септік жалғауы бар?
6. «Ақ киізге көтерді» мағынасы не?
7. Зат есім құрамына қарай қалай бөлінеді?
8. Дыбысты немен таңбалайды?
9. «Әліпби» сөзі қай тілден енген?
10. Дауысты дыбыс тілдің қатысына қарай қалай бөлінеді?
11. Дауысты дыбыс жақтың қатысына қарай қалай бөлінеді?
12. Дауыссыз дыбыстың түрлерін ата
13. Әліпбидегі алғашқы 7 дауыссыз қалай аталады?
14. Екпін түрі нешеу?
15. Қосымшаны тіл білімінің қай саласы зерттейді?



- 16.«Лексика» сөзі қай тілден енген
- 17.Тыныс белгісін не зерттейді?
- 18.Пәлеқор сөзі буын үндестігіне бағына ма?
- 19.Көзқарас қандай сөз?
- 20.Дыбыс үндестігінің түрлерін ата.
- 21.«Жаны зәр түбіне жету» мағынасы не?
- 22.Дауыстылардың саны қанша?
- 23.Сөз таптары нешеу?
- 24.Жұрнақтың түрлерін ата.
- 25.Зат есімнің мағыналық түрлерін ата.
- 26.Сын есімнің шырайларын ата.
27. «Мұрап» сөзінің мағынасы қандай?
- 28.«Табу» сөзі қай тілден алынған?
29. Көсемшенің қай жұрнағы жіктелмейді?
30. “Ешкім” қандай сөз табы?



Жауаптары:

1. «Термин» қай тілдің сөзі (латын тілі)
2. Қазақ тіліндегі тыйым салу сөздері қалай аталады? (табу)
3. Сөз мағынасын не зерттейді? (лексика)
4. Жалғаудың түрлерін ата. (көптік, тәуелдік, септік, жіктік)
5. Неше септік жалғауы бар? (7)
6. «Ақ киізге көтерді» мағынасы не? (хан сайлады)
7. Зат есім құрамына қарай қалай бөлінеді? (дара, күрделі)
8. Дыбысты немен таңбалайды? (әріп)
9. «Әліпби» сөзі қай тілден енген? (араб тілі)
10. Дауысты дыбыс тілдің қатысына қарай қалай бөлінеді? (жуан, жіңішке)
11. Дауысты дыбыс жақтың қатысына қарай қалай бөлінеді? (ашық, қысаң)
12. Дауыссыз дыбыстың түрлерін ата (қатаң, ұяң, үнді)
13. Әліпбидегі алғашқы 7 дауыссыз қалай аталады? (ұяң)
14. Екінші түрі нешеу? (4)
15. Қосымшаны тіл білімінің қай саласы зерттейді? (морфология)



Жауаптары:

- 16.«Лексика» сөзі қай тілден енген (латын тілінен)
- 17.Тыныс белгісін не зерттейді? (пунктуация)
- 18.Пәлеқор сөзі буын үндестігіне бағына ма? (жоқ)
- 19.Көзқарас қандай сөз? (біріккен)
- 20.Дыбыс үндестігінің түрлерін ата. (ілгерінді, кейінді)
- 21.«Жаны зәр түбіне жету» мағынасы не? (қорқу)
- 22.Дауыстылардың саны қанша? (12)
- 23.Сөз таптары нешеу? (тоғыз)
- 24.Жұрнақтың түрлерін ата. (сөз тудырушы, сөз түрлендіруші)
- 25.Зат есімнің мағыналық түрлерін ата. (деректі, дерексіз)
- 26.Сын есімнің шырайларын ата. (салыстырмалы, асырмалы)
- 27.«Мұрап» сөзінің мағынасы қандай? (суды қадағалап отыратын адам)
- 28.«Табу» сөзі қай тілден алынған? (индонезия)
29. Көсемшенің қай жұрнағы жіктелмейді? (-ғалы, -гелі, - қалы, -келі)
30. “Ешкім” қандай сөз табы? (есімдік)



I СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАР.

Далада жаңбыр
жауады.

- а) Лепті сөйлем.
- б) Хабарлы сөйлем.

Осы сабақты
оқу керек.

- а) Жақсыз сөйлем.
- б) Жақты сөйлем.

Мұғалім
сыныпқа кірді
де, оқушылар
тұрды.

- а) Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем
- б) Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем



1. Бірді алсаң біліп ал,
Білімді екеніңді танытшы ал.

3. Үшті алсаң үмітпен,
Жақсы жауап бер біз күткен.

5. Ұясы екен бесінші,
Білімді екеніңді ел көрсінші.

7. Қасиетті сан жетінші,
Үмітті ақтап сен көрші.

9. Ендігі сан тоғыз,
Жауабыңмен тойғыз.

2. Екінші ұяшық ашылды,
Білім нұры шашылды.

4. Төртті алсаң төредей,
Білімді екеніңді көрсетсей.

6. Алдыңдағы ұяшық алтыншы,
Сенен өнеге алсыншы.

8. Ендігі сан сегіз,
Жауап күттік семіз.

10. Соңғы санымыз қортынды он,
Кигіземін сұрақтан тон.



Көңіл бөліп,
қарағандарыңызға
МЫҢ АЛҒЫС.

